

«Атырау мұнай өңдеу зауыты»



Атырау мұнай өңдеу зауыты – Қазақстанның мұнай өңдеу саласының алғашқы қарлығашы. Зауытты жобалау КСРО мұнай өнеркәсібі Халық комиссариатының жоспарлы тапсырмасы негізінде 1943 жылы басталды. Зауыттың техникалық жобасын американдық "Баджер и сыновья" фирмасы жасаса, түзету КСРО мұнай өнеркәсібі халық комиссариаты № 1 мемлекеттік тресінің жобалаушы ұйымы тарапынан жүргізілген. Жергілікті жағдайға ыңғайлау жұмыстарының авторы - "Эмбанефтьпроектінің" жобалаушылары. Зауыт құрылысы соғыс уақытының аса қиын жағдайында жүргізіліп, құрылыс жұмыстарына 10 мыңнан астам адам қатысқан. Зауыт 1945 жылдың 8 қыркүйегінде пайдалануға берілді. Алғашқы өнімі – автокөлік бензині.





Зауыттың алғашқы жылдық өңдеу қуаты 800 мың тонна болды. Жұмысы Ембі кен орындарының мұнайына, Бакуден тасылып әкелінетін дистиллятқа негізделді. Зауыт алғашқы күннен бастап отындық нұсқа бойынша дамып, авиациялық және автомобильдік бензиндер, әртүрлі моторлық және қазандық отындарын шығарумен айналысты. Батыс аймақтың дамуына, мұнай өндіру көлемінің артуына сәйкес зауыт 1965 жылдан бастап тасып әкелінетін қымбат дистиллятты қайта жаңғырту жолымен өздері шығаратын дистиллятқа ауыстыру жөніндегі мәселені қарай бастады.



Өткен ғасырдың 60-жылдары жаңа технологиялық қондырғылар салу арқылы мұнай өңдеу көлемін арттыру бағыты ұсталды. 1969 жылдан бастап 2006 жылды қоса зауытта мұнайды бастапқы өңдейтін ЭЛОУ-АВТ-3, 1971 жылы ЛГ-35-11/300 каталикалық риформинг қондырғысы іске қосылды. Ал 1980 жылы Қазақстанда алғаш рет баяу кокстеу қондырғысы салынды. Оның шикізат бойынша жобалық қуаттылығы 600 мың тоннаны құрайды. Тоғыз жылдан соң, 1989 жылы қондырғылар қатары мұнай коксын қыздырып шынықтыру қондырғысымен толықты. Шикі кокс бойынша қондырғының өнімділігі - жылына 140 мың тонна. 2000 жылы жылдық қуаттылығы 600 текше/сағат техникалық азот шығару қондырғысы пайдалануға берілді. 2006 жылы қуаттылығы 1200 мың текше/сағат екінші техникалық азот шығаратын қондырғы іске қосылды. Мұнай өңдейтін технологиялық қондырғылар қайта жарақталып, соның арқасында жылдық қуаттылық 5 миллион тоннаға жетті.



2003-2006 жылдар арасында зауытта қайта жаңғырту жұмыстарының бірінші кезеңі жүргізіліп, АМӨЗ жапондық Джей Джи Си және Марубени Корпорейшн компанияларымен серіктестікте жұмыс жасады. Қайта жаңғырту барысында жаңадан бензинді сутекпен тазарту және изомерлеу, дизель отынын сутекпен тазарту және парафинсіздендіру, сутек тазарту және шығару, түйіршіктеу блогы бар күкірт шығару қондырғылары салынып, пайдалануға берілді. Қолданыстағы қондырғылар да қайта жарақталды. Қайта жаңғыртудың бірінші кезеңі бөлінген күкірттен тауарлық өнім алу үшін қайта өңдейтін гидрокүкіртсіздендіру технологиясын енгізуге бағытталды. Бұған қоса зауыттың тазарту имараттары қайта жаңғыртылып, қою түсті мұнай өнімдері эстакадасы жаңартылды, жаңа алау қондырғысы салынды. Сарқынды суларды биологиялық тазарту қондырғысы салынып, нәтижесінде булану алаңына жіберілетін сарқынды су сапасы әжептеуір жақсарды. Қазандардың үлкен және кіші «тыныстаулары» кезінде түзілетін жеңіл фракцияларды аулауға арналған газтеңестіргіш сызбамен жарақталған мұнай, қарамай, дизель отыны, автокөлік бензинін сақтауға арналған жаңа қазан парктері пайдалануға берілді. Өндіріс орнының экологиялық сипаттамасын бағалау кезінде өрт және жарылыс қаупі ескеріледі. Осы мақсатта зауыт автоматты бақылау, хабарлау және өрт сөндіру жабдықтарымен жарақталған.



Бүгінде АМӨЗ-да автокөлік бензинінің К-2 экологиялық класына сәйкес келетін АИ-92-К-2, АИ-95-К-2, АИ-98-К-2 маркалары шығарылады. Шығарылатын жалпы бензин көлеміндегі жоғарыоктанды бензин өндірісі қайта жаңғыртуға дейінгі 7% -дан 45 %-ға дейін өсті. Шығарылатын дизель отындары да К-2 класына сәйкес келеді және кей бөлігін К-3,4 деңгейіне сәйкестендіру мүмкіндігі бар. Олар қазіргі заманғы дизельді қозғалтқышты жеңіл және жүк көліктерінде қолдануға арналған. 2014 жылы өндірілген экологиялық таза дизель отынының өндірісі 100 пайызды құрады. Ал 2007 жылы бұл көрсеткіш өндірілген дизельдің 0,7 пайызын ғана құраған болатын.

2003-2006 жылдардағы қайта жаңғырту мұнай өнімдерінің сапасын арттыру және қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған негізгі міндеттерді шеше алды.

Өндірісті қайта жаңарту қоршаған ортаға шығарылатын қалдықтардың азаюына, су айналым коэффициентінің артуына, энергия ресурстарын пайдалану деңгейінің төмендеуіне сеп болды. Бастысы – мотор отындарының сапасы артып, өндірілетін өнім түрлері көбейді.

АВТ-3 қондырғысының вакуумды блогын қайта жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде вакуумды газойл өндірісі артты.



2008 жылы отын сапасын Еуро стандарттары бойынша тексеруге мүмкіндік беретін жаңа заманғы жабдықтармен жарақталған «Орталық зауыт зертханасы» сынама орталығының жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

«Ароматикалық көмірсутектер шығаратын кешен құрылысы» жобасында қарастырылған 4 стационарлық және 1 мобильді атмосфералық ауаны қадағалау қосындары 2009 жылдың желтоқсанында Мемлекеттік комиссия акты негізінде зауыттың санитарлық-қорғаныш аумағында іске қосылды. Барлық қосындардан ауа туралы мәлімет орталық серверге түсіп, онлайн түзімінде «Атырау гидрометеорология» ЕМК-на жіберіледі.



Қайта жаңғыртудың екінші кезеңі - 2010 жылдың қазанында бастау алған ароматикалық көмірсуектер кешенінің құрылысы. 2014 жылдың желтоқсанында өткен «Жаңа индустрияландыру және бірінші бесжылдықтың қорытындылары» атты жалпыхалықтық телекөпір барысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың рұқсатымен кешенді іске қосу – баптау жұмыстары бастауын алды.

Қайта жаңғыртудың үшінші кезеңі – мұнайды тереңдетіп өңдеу кешені. Жобаны жүзеге асыруға зауыт 2012 жылдың желтоқсанында кірісті. Құрылыстың аяқталу мерзімі – 2016 жыл.

1999 жылдың ортасынан бастап зауыт акциясы бақылау пакетінің (86,7%) ұстаушысы "ҚазақОйл"Ұлттық мұнай компаниясы жабық акционерлік қоғамы, кейін "ҚазМұнайГаз" ҰК" акционерлік қоғамы болды. "ҚазМұнайГаз" Қайта өңдеу және маркетинг" АҚ 2005 жылдан бастап 99,17% үлесті иеленуші болып есептеледі.

Назарларыңызға рахмет!

